

#27

(963)

8 қыркүйек

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz


jasqazaqkz

ИГІЛІГІН
ЕЛ КӨРЕТІН
ЭКОНОМИКА

4-5-БЕТ

БЕКЖІГІТ СЕРДӨЛІ:
ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКА
СЕНСАЦИЯ ҚУАЛАП
БАРАДЫ

6-11-БЕТ

БӘРІНЕ ОРТАҚ
ЖУРНАЛИСТИКАJas qazaq gazeti
мен Chevron
компаниясының
бірлескен
ЖОБАСЫ

10-11-БЕТ

Қазақстанда
30 ЖЫЛТабысты серіктестікке
30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды. Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды. Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде. Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтындаthe
human
energy
company

BRENT \$89.92

USD 462,5 T

EUR 495,5 T

RUB 4,61 T

МӘЖІЛІС

СВЗ-ЖЕБЕ

**Мархабат
ЖАЙЫМБЕТОВ,**
Мәжіліс
депутаты:



«2022 жылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры мемлекетке берілетін пайданың 70 пайызының орнына тек 10 пайызын ғана төлеген. Нақты айтқанда, 1 трлн 629 млрд теңге таза табыстың 170 млрд теңгесін қайтарды. Тапсырма бойынша, бюджетке 1 трлн 140 млрд теңге қайтару қажет еді, яғни 970 млрд теңге мемлекет қазынасына аударылмаған. Бұл қаржы республикалық бюджетке құйылса, елдің әл-ауқатын көтеретін жобаларды іске асыруға бағытталатын еді».

АПТАНЫҢ ҰСЫНЫСЫ



Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«2019 жылы, яғни Жастар жылында жастар қуана қабыл алған, жұмысшыларға жалға берілген пәтерлер қазір олардың басты мәселесіне айналып отыр. 2019 жылдан бері Астана, Алматы, Шымкент қалаларында жалға берілетін пәтерге орныққан жастардың саны

10 000-ға жуықтады. Бұл аудан халқымен пара-пар екенін ескерсек, назар аударатын мәселе. Жоба жастарға өз баспанасын алуға қаржы жинау мақсатында берілген үлкен мүмкіндік еді. Осы пәтерлерді жалға алған жастардың баспананы босатуына да 1 жылдан аз уақыт қалды. Сондықтан мегаполистердегі жастар далада қалуы мүмкін. Қазір елімізде инфляция деңгейі де шарықтап, үй бағасы жылдан-жылға өсті. Екіншіден, жастар саясаты туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, жастар санаты 29 жастан 35 жасқа дейін өсті. Сәйкесінше, үй алған жастар бүгін де жастар санатынан шықпады. 5 жылда балалы болған жастар қаншама? Олар бала-шағамен қайда бармақ? Ал елде жастарға арналған бірыңғай мемлекеттік баспана бағдарламасы жоқ. Үшіншіден, пәтерді жалға алған жастар өзге де мемлекеттік бағдарламалар мен үй кезегінде тұру мүмкіндігінен айырылған. Төртіншіден, қазір елде баспана алуға тиімді бағдарлама жоқтың қасы. Мен бұл мәселені 1 сессияда да көтерген едім. «7-20-25» аты бар да, заты жоқ бағдарламаға айналды. Ал «Отбасы банк» арқылы жастарға 50% бастапқы жарна жинау 5 жылда мүмкін емес. 2019-2020 жылдардан бері нарықтағы үй бағасы 2 есе өскен. Осыны ескеріп, жастардың баспана алуына жағдай жасау және кемі 10 пайыздық бастапқы жарнамен өздері тұрып жатқан баспанасын сатып алуға мүмкіндік беру мәселелесін қарастыру керек».

АПТАНЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:



«Кондиционері істемейтін, терезелері ашылмайтын, қабырғасында тарақандар жүретін, тозығы жеткен вагондарға жазда билет сатып алу арман болды. Ал сәті түсіп, билет тапқан бақытты жандарды вагон ішіндегі нағыз масқара күтіп тұрады. Жаз бойы халықтың жанайқайын әлеуметтік желіден әбден көрдік. Билет тапшылығына қоса, бағасы қымбат. Олар әр түрлі мобильді қосымшаларда сатып алу кезінде ерекшеленеді. Ресми беттерде тапшы маршруттарға билеттерді сатып алу кезінде тек жоғарғы орындар қолжетімді. Бұл жыл сайынғы теміржол билеттер құнын субсидиялауға қомақты қаражаттар бөлінуіне қарамастан орын алып отыр. Онымен қоймай, қымбат бағасына сапасы сай келмейтін пойыздар жиі кешігеді. Бұл уақытты жоғалтуға ғана емес, кейде қаржылай шығындарға әкеледі, өйткені трансфермен келе жатқан жолаушылар келесі пойызға кешігіп қалады. Бірақ бұл үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға ешкім асықпайды».

СЫРТҚА КЕТКЕН АКТИВТЕРГЕ ІЗДЕУ САЛЫП, АРНАЙЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАҒАН ДЕПУТАТТАР ЕНДІ ЕЛ ІШИНДЕГІ ЗАҢСЫЗ ҚОЛДЫ БОЛҒАН ЖЕРЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРУҒА КҮШ САЛУДА. БҰЛ ЖОЛЫ ПРАЛМЕНТ МӘЖІЛІСІНДЕ «КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ» ҰЛТТЫҚ ПАРКІНІҢ АУМАҒЫНДАҒЫ ЗАҢСЫЗДЫҚТАР МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ. МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ДӘНИЯР ҚАСҚАРАУОВ ҰЛТТЫҚ ПАРК АУМАҒЫНДАҒЫ САТЫЛҒАН, ҰЗАҚ ЖЫЛҒА ЖАЛҒА БЕРІЛГЕН БАРЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ТЕКСЕРІП, МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРУ ҚАЖЕТ ДЕГЕН ҰСЫНЫСЫН ОРТАҒА САЛДЫ.

Данияр Қасқарауовтың Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың атына жолдаған депутаттық сауалында: «Алматы облысында Жетісудың жауһары, еліміздегі жеті кереметтің біріне баланған Көлсай көлдері бар. Ұлттық парк аумағындағы ең



Фото: baq.kz

Дәнияр ҚАСҚАРАУОВ, Мәжіліс депутаты: «ТҮТІНІ БУДАҚТАҒАН КӨЛІКТЕР КӨЛСАЙДЫҢ» БАСЫНА ДЕЙІН БАРАДЫ...

шұрайлы жерлер кезінде жекенің қолына өтіп кеткен. Басында бұл жерлер ауыл шаруашылығы мақсатында, шабындық және жайылымға деп берілген.

Енді кәсіпкерлер қонақ үй, бассейн, дәмхана салып жатыр. Мәлімет бойынша, бірде-біреуінің құрылыс салуға рұқсат қағаздары жоқ. Жер мақсатсыз пайдаланылуда. Ал Ұлттық парк аумағында капиталды құрылыс жүргізуге болмайды деген ережені ешкім елемейді. Құзырлы орындар да оны тексеруге, шара қолдануға құлықсыз», – делінген.

«Ресми мәлімет бойынша, соңғы бір жарым жылда «Көлсай» көлдеріне жарты миллион турист келіпті. Көлдің айналасында бос жер жоқ. Айналаның бәріне шамамен үш

**КӨЛДІҢ
АЙНАЛАСЫНДА БОС ЖЕР
ЖОҚ. АЙНАЛАНЫҢ БӘРІНЕ ШАМАМЕН
ҮШ ЖҮЗДЕЙ КИІЗ ҮЙ МЕН ТАМАҚТАНУ
ШАТЫРЛАРЫ ТІГІЛГЕН. ЕШҚАЙСЫСЫНДА
ДӘРЕТХАНА ЖОҚ. ТАУЛЫ АЙМАҚТА КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ
БОЛМАҒАНДЫҚТАН, ШАЙЫНДЫ СУЛАР МЕН НӘЖІС
ЖЕРГЕ СІҢІП ЖАТЫР. СЕПТИК, АССЕНИЗАТОР
ДЕГЕН АТЫМЕН ЖОҚ. ОСЫЛАЙША ТҰМСА
ТАБИҒАТТЫҢ ЭКОЛОГИЯСЫ
БҰЗЫЛУДА.**

жүздей киіз үй мен тамақтану шатырлары тігілген. Ешқайсысында дәретхана жоқ. Таулы аймақта кәріз жүйесі болмағандықтан, шайынды сулар мен нәжіс жерге сіңіп жатыр. Септик, ассенизатор деген атымен жоқ. Осылайша тұмса табиғаттың экологиясы бұзылуда. Қала берді, түтіні будақтаған көліктер көлдің басына дейін барады.

Ал Алматыдағы Медеу мен Шымбұлақ шатқалдарына тек электромобильдердің кіруіне ғана рұқсат берілген. Екеуінің де Ұлттық парк деген мәртебесі бар.

Сондықтан Көлсайға да сондай шектеу енгізбесек, енді 5-6 жылда еліміздегі ең көрікті жерден айырылып қаламыз.

Біз сыртқа кеткен активтерді қайтарамыз деп жаңа заң қабылдадық. Ел ішінде де кезінде қолды болған, арзан бағаға сатылған, заңсыз өзгенің иелігіне өткен осындай шұрайлы, ерекше қорғауды қажет ететін жерлер бар.

Арнайы комиссия құрылып, соларға кешенді тексеру керек.

Осы ретте жалғыз Көлсай емес, барлық Ұлттық парк аумағындағы сатылған, ұзақ жылға жалға берілген барлық жерлердің заңдылығын тексеріп, мемлекет меншігіне қайтару қажет деп санаймын», – деді Мәжіліс депутаты.

**ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ САЙТТАҒЫ
ЖАҢАЛЫҚ ЕРІКСІЗ ЕЛЕҢ
ЕТКІЗДІ. ЖЕРГІЛІКТІ
УНИВЕРСИТЕТТІҢ ҒАЛЫМДАРЫ
КӘДІМГІ КҮРІШТІҢ САБАНЫНАН
ЦЕЛЛЮЛОЗА АЛУДЫ ИГЕРІПТІ.
ОДАН КЕҢСЕГЕ ҚАЖЕТ ҚАҒАЗ,
ДӘПТЕР, МАЙЛЫҚ ЖАСАУҒА
БОЛАДЫ. СЫР ӨҢІРІНДЕ 500
МЫҢ ТОННАДАЙ КҮРІШ
ӨСІРЕЛЕДІ. ОНЫҢ 20 ПАЙЫЗЫ
ҚАЛДЫҚ. ӨРТЕП, ДАЛАҒА
ТАСТАЙДЫ. ЕНДІ ТАБИҒАТТЫ
ЛАСТАМАЙ, КӘДЕГЕ ЖАРАТУҒА
МҮМКІНДІК БАР.**

Целлюлоза ағаштан да, бидай сабанынан да өндіріледі. Бірақ бізде орман алқабы ауқымды емес. Оның үстіне ағаш бұйым бергенше біраз жыл күту керек. Ал егін орағы жыл сайын. 15 млн тонна астықтан 25 млн тоннаға сабан жиналады екен. Қағаз техникалық (құрамында есірткі жоқ) кендірден де жасалады. Мамандар өсімдіктің осы түрін өсіруге еліміздің табиғаты қолайлы екенін айтып жүр. Ал статистикаға жүгінсек, былтыр 600 млн долларға 335 мың тонна қағаз, картон және қағаз өнімдерін шеттен әкелінген. Көбісі Ресейден. 80-нен асатын экспорттаушылар қатарында Африка мен Американың оңтүстігіндегі елдер де бар. Пандемия мен санкция шектеуінен кейін қағаз құны шарықтап кетті. Айта кеткен жөн, қымбатшылық газет пен журнал шығару ісінде де қиындық тудырып отыр.

Қазақстан Органикалық өнім өндірушілер одағының директоры Арсен Керімбеков астықтың тағы



Фото: akorda.kz

ИГІЛІГІН ЕЛ

бір ерекшелігіне назар аударды. Дәнді дақылдың қалдығынан мал шаруашылығына аса қажет амин қышқылдары жасалады. Қазір ақауызды (белок) көбейтетін лизинді пайдалана отырып, 3 келі жемнен 1 келі ет алуға болады. Кеңестік дәуірде бұл көрсеткіш 7,5:1 болған. Амин қышқылдарының дені Қытайда өндіріледі.

Бұл ішкі әлеуетті көрсететін, дайын өнімнің көкжиегін кеңейтетін, инфляция қалтаны қаққанда амалсыз «Кісідегінің кілті аспанда» деп шарасыз отырмауға бір ғана мысал. Жуырда Түркістан облысындағы мақта кластерінің келешегі жөнінде жазғанбыз. Ақ ұлпаны игілікке жаратса, тоқыма мен тамақ өнеркәсібі өркендейтінін,

халқы тығыз өңірде талай жұмыс орны ашылатынын тілге тиек еткенбіз. Шаруашылықтың басқа буындарында мұндай мүмкіндіктер қаншама?! Тек жан-жақты пысықталған жоба, өндіріс ошағы, технология, ең бастысы, қолға алған істі аяғына дейін жеткізетін құлшыныс қажет боп тұр. Күрделі істі игеріп кететін маман дайындауға жағдай бар. Жұмыс күші мен ресурс та жеткілікті.

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы отандық экономиканы әртараптандыру (диверсификация) тұрғысынан алғанда, асыра айтқандық емес, тарихи мәнге ие. Бұл саяси реформаларды жүзеге асырған мемлекеттің енді жаңа экономикалық үлгіге түбегейлі



Фото: ғаламтор



Фото: qazindustry.gov.kz

TEMIRQAZYQ

бет бұрғанын көрсетеді. Әрине, мұндай ауқымды шаруаның бірден емес, біртіндеп іске асады. Бұған өрлеудің биік белесін бағындырған мемлекеттердің тәжірибесі дәлел. Ең бастысы, бүкіл әлемде «қазба байлықтың қарғысы» деп сипатталатын, шикізат саудасына арқа сүйейтін, ең сорақысы, жалқаулық пен патерналистік пиғылға бастайтын «голланд кеселінен» біржола арылу жолында шешуші қадам жасалды. Президент, осылайша, Қазақ елінің жаңа экономикалық саясатын айқындап берді. Ол мықты өнеркәсіптік негіз қалыптастыру, экономикамыздың өзімізді толық қамтамасыз ете

Міне, сондықтан «Қарапайым заттар экономикасы» мен Бизнеске – Бастау» бағдарламаларын біріктіру аса тиімді. Сарапшыларға салсақ, бұл шағын және орта кәсіпкерліктің қанат жаюына септігін тигізеді. Кәсібімен нәсібін табатын, сөйтіп табысқа кенелетін орта дәулеттілер қатары көбейеді. Қоғамда «Игіліктің бірден бір көзі – еңбек» дейтін түсінік хакім болады. Мемлекеттен балық емес, қармақ сұрайтындардың қалың шоғыры қалыптасады. Әлгінде айтылған патернализм дертіне дауа табылады. АҚШ, Германия, Жапония сияқты мемлекеттердің қуатты қылған, Қытайдың кедейлікті

яғни шикізат өңделгенде қалдық мейлінше аз қалуы тиіс. Мәселен, еліміздегі мұнай өңдеу зауыттарында бұл көрсеткіш бертінге дейін орта есеппен 60-70 пайыз болып келді. Атырау мен Шымкенттегі кәсіпорындарда жаңа технологияны енгізу арқылы 80 пайыздан асты. Ал Павлодарда – 77 пайыз. Салыстыру үшін айтсақ, он жылдай бұрын бізбен толлинг операциясын (шетелдік тапсырушының шикізатын өңдеп, дайын өнімді соған жіберу) жүргізбекші болған Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі кәсіпорында мұнайдың 96 пайызынан жанармай алынады.

КӨРЕТІН ЭКОНОМИКА

алатын жағдайға жетуі, сондай-ақ, өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беру секілді көкейкесті міндеттерді көздейді. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ретте «Металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек», – деді.

Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) ауыл шаруашылығының дайын өніммен қамтамасыз ете алатын әлеуетін де жан-жақты қамтиды. Осы саланы өнеркәсіп секторымен қабыстыра отырып, кластер жүйесін дамытуға болатынын әңгіме басында айтып өттік. Жолдауда айтылғандай, стратегиялық мақсат – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осыған орай, алдағы үш жылда агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізу көзделіп отыр. Мұндай межеге жету үшін, әсіресе, ауылдағы кәсіп иелерін өнім өңдеуге ынталандыру, салық саясатын қайта қарау қажет қажет.



жеңіп, әлемдегі екінші экономикаға айналуына ықпал еткен де осы орта дәулеттілер екенін ескерген жөн.

Жалпы елімізде өңдеу өнеркәсібі, атап айтқанда, мұнай-газ химиясы бойынша бірқатар жобалар өз жемісін беріп те жатыр. Атырауда мұнаймен бірге шығатын ілеспе газды пайдаланып, полипропилен шығаратын ТМД аумағындағы аса ірі өндіріс ошағы іске қосылды. Кәсіпорын ішкі сұранысты қамтып қана қоймай, артық өнімді сыртқа жөнелте алады.

ЖЭС осындай кәсіпорындар санын көбейтумен бірге терең өңдеуді қолға алуға бағытталған,

Үкімет отандық экономикада келелі де кешенді жобаларды жүзеге асыруы тиіс. Бірқатар жобалар бойынша 3 жылдық мерзім белгіленді. Батыл бастаманың болашағы қандай болмақ? Былтырғы Жолдау жүктеген міндеттердің орындалғанын, ең бастысы, еліміздегі реформалардың жүйелі әрі тиянақты түрде іске асып жатқанын ескерсек, сөз бен істің алшақ кетпейтініне сенім мол.



СРАЙЛ
СМАЙЫЛ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

БЕКЖІГІТ СЕРДӘЛІ
1960 ЖЫЛЫ ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ, ҮЛГІЛІ АУЫЛЫНДА
ӨМІРГЕ КЕЛГЕН. БЕЛГІЛІ
ЖУРНАЛИСТ, ОҚЫТУШЫ,
ӘУЕСҚОЙ КОМПОЗИТОР.
БЕКЖІГІТ СЕРДӘЛІНІҢ ЕСІМІ
АТАЛҒАНДА КӨПШІЛІКТІҢ
ЕСІНЕ «ЖҰБАЙЛАР ЖЫРЫ»
ДЕП АТАЛАТЫН ТАМАША
ЛИРИКАЛЫҚ ӘН ОРАЛАТЫНЫ
СӨЗСІЗ. СЕБЕБІ ҚЫРЫҚ
ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТ
ТЫҢДАРМАННЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ
ЖАТТАЛЫП, БІРГЕ ЖАСАП КЕЛЕ
ЖАТҚАН ТАМАША ТУЫНДЫНЫ
БІЛМЕЙТІН ЖАН КЕМДЕ-КЕМ.
«НЕГЕ, НЕГЕ», «АУЫЛ ЖАТЫР
ТОЙ ЖАСАП» ДЕП АТАЛАТЫН
ТАМАША ӘНДЕРДІҢ АВТОРЫ
ОСЫ КІСІ. САЗГЕРЛІК БЕКЕҢНІҢ
БІР ҒАНА ҚЫРЫ. НЕГІЗГІ
КӘСІБИ МАМАНДЫҒЫ
ЖУРНАЛИСТ. 1987 ЖЫЛЫ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІН
ТӘМAMДАДЫ. 1999 ЖЫЛЫ
ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ/PHD АТАНДЫ.
2006 ЖЫЛЫ ДОЦЕНТ, 2017
ЖЫЛЫ ПРОФЕССОР АТАҒЫН
АЛДЫ. 2015 ЖЫЛДАН
БАСТАП ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
АҚПАРАТТАНДЫРУ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ.
АЙМАҚТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ.
РЕСЕЙДЕГІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
КОРРЕСПОНДЕНТ-
МҮШЕСІ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ДА
КОРРЕСПОНДЕТ-МҮШЕСІ.
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ
ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ
АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ПРОФЕССОРЫ.

Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнап келе жатқан ұстаздың тәлімін алмаған шәкірттер кемде-кем. Журналист ретінде қаламынан туындаған сүбелі еңбектері мен өзекті мәселелерді көтерген мақалалары жергілікті оқырмандардың назарында жүреді. Әрбір шәкіртті өзінің баласындай қабылдайды дейді әріптестері. Бекжігіт Сердәлінің басты ұстанымы – адалдықтан айнымау. «Өзінің кәсібіне құлай беріліп, шынайы сүйіспеншілікпен айналысқан адам ғана дегеніне жетеді. Адам әрқашан ізденісте, дамудың жолында жүруі керек, тоқтайтын болсаң тоқырауға ұшырайсың», – дейді Бекжігіт Сердәлі.

Түркістан облысындағы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жемісті еңбек етіп келе жатқан орта буын, кейінгі толқынға ұстаз болған Бекжігіт Сердәлімен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

БЕКЖІГІТ СЕРДӘЛІ: ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКА СЕНСАЦИЯ ҚУАЛАП БАРАДЫ

– Бекжігіт аға, алғашқы сауалды өзіңіздің ұстаздық қырыңызға қатысты қойсам деймін. Бүгінгі таңда журналистика саласына қызығатын жастардың қатары қаншалықты?

– Өзіміз болашақ журналистерді әзірлейтін оқу жүйесінде қызмет ететіндіктен, жыл сайын жастардың медианың қай саласына көбірек бейім екенін тамыршыдай бағамдап, мониторинг жасап отыратынымыз бар. Бұл салаға қызығатындар қатары, әсіресе,

жастар арасында жыл өткен сайын артып келе жатқанымен, өкінішке орай, басым бөлігінің медианың тек бір тармағына – телевизияға ғана бүйрек бұратыны ойлантады. Газет не радио журналисі болғысы келетіндер өте сирек. Бұл нені білдіреді? Мұны жастардың көгілдір экран көмегімен тек «тележұлдыз» болуға құмартып, арзан хайп қуып, журналистің нағыз абыройлы кәсіп екенін жете түсінбеуінде деп ойлаймын. Сондықтан біз төрт жыл бойы қазіргі медианың жаңа мамандықтары – мобилограф,



Фото: yassy-tur.kz

таргетолог, SMM, PR сияқты кәсіптерге, сонымен қатар, газет пен радиоға қызықтыратын таргеттерге білім беруге тырысамыз. Осы мақсатта көбіне медиа саласында қызмет етіп жүрген тәжірибелі мамандарды дәріс беруге шақырып, дуальды оқыту арқылы студенттердің тікелей редакцияларға барып білім алуына жағдай жасап, жастардың газет пен радиоға деген қызығушылығын оятуға талпынамыз.

– «Ұстаздан шәкірт озар» дейді, шәкірттеріңіз қоғамның өзекті мәселелерін көтеріп жүр ме?

– Шәкірттеріміздің, қандай ыңғайға салсақ та, оңай олжаға, смартфондарындағы мобильді қосымшалар арқылы дайын шаблондармен ақпарат әзірлей салуға тәуелді болып бара жатқаны байқалады. Қанша дегенмен, олардың сапасы мен форматы дәстүрлі теле не радио монтаждағыдай, не дәстүрлі газет беттеу тәжірибесіндей қажетті салмақты көтере алмайтыны анық. Оқиға басына барып, тікелей эфир арқылы ақпарат әзірлегенге не жетсін! Өкінішке орай, қоғамның өзекті мәселелерін бүгінгі жастар жатақханада, керуette смартфон шұқылап жатып-ақ қозғағысы келеді. Бұл дұрыс емес. Мобильді қосымшаларда қанша техникалық мүмкіндіктер болғанымен, эффектілі, қызылды-жасылды материалдар әзірлегенімізбен, бәрібір ол журналистиканың оперативтілік, шынайылық, оқиғалылық принциптері мен міндеттерін көтере алмайды. Сол себепті «шын журналист болғың келсе, оқиға орнына бар!» деп жастарды аудиториядан тыс нысандарға қуалаймыз, репортаж әзірлендер деп қызықтырып жатамыз.

– Түркістан облысындағы жас журналистерді, орта буынды, кейінгі толқынның аяқ

алысын қадағалап жүресіз бе, беталыстары қалай?

– Әрине. Онсыз өзің де өспес едің. Себебі қазіргі толқын бізге қарағанда цифрлық журналистиканы тереңірек меңгерген. Олардың аяқ алыстары қатты қызықтырады. Өз басым мүмкіндігінше сол ортаның іс-шараларынан қалмауға тырысамын. Әсіресе, жастар көбірек қызмет ететін «Түркістан» газеті мен «Түркістан» телеарнасының бағыт-бағдарын, жас журналистерінің аяқ алыстарын тұрақты бақылап отырамыз. Қажет кезінде ағалық ақылымызды айтып, ескі мен жаңаның арасын жақындатуға күш салып жатамыз.

– Түркістан облысы болып құрылғалы, аймақ орталығының Ер Тұранның талбесігіне көшірілгеніне бес жыл болды. Өңір қалай жайнап, жаңарып келеді?

– Барлығы салыстырумен бағаланады ғой. Жасыратыны жоқ, қазір бұрынғыдай емес, соңғы бірер жылда қаланың көркею тенденциясы шабандап қалған сияқты. Бұрынғыдай күндіз-түні толассыз құрылыс жүргізіп жатқан ұзын мойын крандар көрінбейді, жаңа нысандардың іске қосылуы

сирек, кейбір құрылысы басталған ғимараттардың аяқталуы ұзап бара жатқандай, туристер қатары да бұрынғыдай емес. Егер алдымызға нақтылап қатаң стратегиялық жоспар қоймасақ, жайнап, жаңара бастаған қаланың бүгінгі келбетіне жаңа серпін қоса алмайтынымыз анық. Қалаішілік жолдардың асфальттануы бұрынғыдай емес, өте баяу. Осының барлығына қала тұрғыны ретінде жанымыздың ашитыны рас. Дегенмен мысықтабандап болса да, қала күн сайын құлпырып, жайнап, жаңарып келеді деп айта аламыз.

– Өзіңіздің журналистика саласындағы еңбек өтіліңіз қырық жылға жақындап қалды. Отыз жылға жуық ұстаздық қызметті де атқардыңыз. Қазіргі қазақ журналистикасында салалық журналистиканың дамуы деңгейі қалай? Облыстағы журналистердің басым көпшілігі өзіңіздің шәкірттеріңіз. Солардың салалық журналистикаға, яғни әр салаға бейімделу бағдары қалай?

– Салалық журналистиканы дамыту маңызды нәрсе екеніне әсіресе, пандемия кезінде анық көзіміз жетті. Елімізде экономика, экология, медицина,





Фото: anattil.kazgazeta.kz

Құрдастар: бард-композитор Табыл Досымов, жазушы Роза Мұқанова, профессор Айгүл Рамазанова және Бекжігіт Сердәлі

спорт, мәдениет тақырыбында індетіп жазатын журналистер аз. Іргеміздегі көршілердің ақпараттық кеңістігіне көз салсаңыз, салалық журналистиканы айтпаған күннің өзінде, нақты бір салаларға арналған газет-журналдар, сайттар мен телеарналар жұмыс істейді. Тіпті таза әскери, медициналық бағытта хабар тарататын телеарналар бар. Бұдан басқа, ғылыми-техникалық жаңалықтардан жан-жақты ақпарат тарататын телеарналар да жұмыс істейді. Алдағы уақытта, тұтастай телеарна құрмасақ та, медицина, ғылым саласын індетіп жазатын журналистер шоғырын қалыптастыру керек. Өзіміз білім беретін оқу орнының оқу жоспарына салалық журналистерді бағыттап әзірлеу үшін «Спорт журналистикасы», «Экожурналистика», «Педагогикалық журналистика», «Құқықтық журналистика», «Медициналық журналистика», «Арт-журналистика», «Жергілікті журналистика» сияқты пәндерді енгізіп, оқытып жатырмыз. Қазірдің өзінде өз тақырыбына қызығып жүрген студенттер Ютубтан арнайы каналдар ашып, салалық журналистикаға біртіндеп бой алдыра бастады.

кітабымды молдаван тіліне аударып бастырды.

– Журналистика саласының бүгінгі күндегі өзекті мәселелері деп нені атар едіңіз?

– Жасыратыны жоқ, қазіргі журналистика сенсацияны қуалап барады. Оқырманға да, көрермен мен тыңдарманға да өзекті, салмақты, оқылымды сараптамалық материалдар ұсынып жатқаны аз. Телеарналарды қарасаңыз, сарабал сараптамалардан гөрі, көңіл көтеретін бағдарламалар басым. Ал кейбір сарабал деген бағдарламалардың өзі әлеуметтік тақырыптан әріге аса алмайды.

ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКА



Фото: baq.kz

– Өзіңіздің жеке шығармашылығыңызға оралсақ, қазір не жазып жүрсіз?

– Публицистикалық жазбаларымның басын құрап, жуырда «Сөйле десең, сөйлейін!», «Мен қазақтың баласы!» деген қос томдық шығардым. Оның алдында ғана «Медиа дизайн», «Телеоператор шеберлігі», «Қазіргі баспасөз қызметі» деген үш оқу құралдарым жарық көрген. «Медиа дизайн» оқулығыма қызығушылық танытқан молдовандық әріптестерім

Саяси, экономикалық терең сараптамалар жоқ. Жауынгер жанр – журналистік зерттеу туралы айтудың өзі қиын.

– Журналистерге әлеуметтік статус, арнайы мәртебе беру мәселесі бірнеше жылдан бері көтеріліп келеді, бұған сіз қандай ой қосасыз?

– Журналистерге айрықша мәртебе керек. Қазір блогер кім, журналист кім, ажырата алмайтын күйге жеттік. Бұрын билік журналистерді «төртінші билік иесі» деп қадірлейтін. Оның пікірімен

санасатын. Қазір олар сынның өзіне де бұқпайтын болды. Бұл арнайы мәртебенің жоқтығынан деп ойлаймын.

– Түркістан облысының жас журналистері мен аға буын арасында қандай байланыс орнаған, түрлі іс-шаралар өткізіле ме?

– Облыстық қоғамдық даму басқармасының (басшысы А.Өсербай), Қазақстан Журналистер одағы Түркістан облыстық филиалының (төрағасы Ғ.Елшібай), журналистер мен блогерлер клубының (жетекшісі Е.Әмірбек) ұйтқы болуымен түрлі қызықты әрі



КазГУ, №5 жатақханада

Фото: instagram.comsoz_ben_saz

СЕНСАЦИЯ ҚУАЛАП БАРАДЫ

маңызды іс-шаралар өтіп жатады. Бұл қалам иелерінің бір-бірімен етене араласуына, ынтымақтасуына, бірлесуіне септігі тиетін іс-шаралар ғой деп ойлаймын. Біз, әрине, бұған қуанамыз.

– Журналистика мамандығының қадірін қашырып жіберген жоқпыз ба? Қазіргі күнде екінің бірі блогер, журналист болуға құштар. Телебағдарламаларда әнші, әртістер жүргізеді деген пікір үнемі айтылады. Осыған қандай ой айтасыз?

– Бұл айтыла-айтыла, жазыла-жазыла жауыр болған тақырып.

Жоғарыда айтқанымыздай, журналистерге мәртебе берілмей, осынау тақырыптың әлі де ұзақ қозғала беретіні даусыз. Журналистің өзіндік жеке мәртебесі, әлеуметтік арнайы статусы болуы керек деп санаймын. «Масс медиа» туралы заң осы олқы тұсымызды бүтіндеуге септігін тигізеді деп сенім артамын.

– Сіздің есім-сойыңыз аталғанда алдымен ойға «Жас жұбайлар» әні оралатыны сөзсіз. Соңғы кездері қандай әндер жаздыңыз? Қазіргі қазақ эстрадасы деп аталатын ортада ғана емес, той-томалақта да

орындалып жүрген әндерге қандай баға бересіз?

– Негізгі кәсібім ән шығару болмағандықтан көп ән жаза бермеймін. Тек көңілге іркіліп жақсы әуен келгенде ғана ән туатыны бар. Сондықтан әндерім

көп емес. Соңғы жылдары «Ару қыздар», «Кінәлама», «Тырнарлар әні», «Ерке қайың», «Қош, аман бол», «Айналайын жеңеше» сияқты бірнеше жаңа әндер жаздым. Бұйыртса, күзде жеке концертімді жоспарлап жатырмын. Сол кезде бұл әндеріме тындарман лайықты бағасын берер. Ал той әндеріне қатысты келсек, қазір бұл да ән өнеріндегі жанрдың бір түріне айналып барады. Тек «той әні» екен деп, қалай болса солай шығара салмай, оған да талғаммен сауатты қараса деген тілек бар. Себебі бүгінде кейінгі буын жастардың арасында мәнсіз-мағынасыз тілді шұбарлап, «шөп те өлең, шөңге де өлең» деп жүргендер көбейіп барады. Хәкім Абай «Әннің де естісі бар, есері бар» демейтін бе еді. Ұлық тындарман өзінің ой елегіне салып, талғам таразысына тарта отырып есті әндердің өміршең боулына септігін тигізеді, ол сөзсіз ақиқат.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Қуаныш РАХМЕТ



Фото: instagram.comsoz_ben_saz

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМІН ШЫҢДАУДА. ҚАТЫСУШЫЛАР ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҚАТЫСУШЫМЫЗ ФАРИЗА МАҚСҰТҚЫЗЫНЫҢ СҰХБАТЫН ҰСЫНАМЫЗ.

Әлеуметтік көмек көрсету орталығында жұмыс істегендіктен, бізге аутизмге шалдыққан балалар көп келеді. Қазір Алматыда осындай балаларға арналған орталықтар бар. Біз ай сайын 30 жеткіншекке көмек көрсететін «Мұзбалақ» мүгедектер қоғамдық бірлестігіне арнайы барып, орталықтың жетекшісі Армангүл БОЛАТЖАНМЕН сұхбаттастық.

- Армангүл ханым, орталық ашудағы мақсатыңыз қандай?
- Менің мақсатым бәріне ортақ бір пайдалы іс ашу болды. Басқа орталықтарға қарағанда, біздің орталық баланы диагнозына қарай бөлмейді. Барлық диагноз бойынша қабылдаймыз. Қабылданған баладан нәтиже шыққанша қызмет етеміз.
- Орталықтың аты ерекше естіледі екен. «Мұзбалақ» аталуының тарихы бар ма?
- Бізде Райымбек ауданында (Алматы облысы) кез келген ауа



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ



АРМАНГҮЛДІҢ АРМАНЫ – ЕРЕКШЕ БАЛАҒА КӨМЕКТЕСУ

райына шыдамды, төзімді құс бар. Сол құстың батылдығы мен төзімділігі бізге үмітпен келген балаларға үлгі болса, мүмкіндігі шектеулі деген дүниені жарып шығып, сол сияқты қанаттары қатайып, ұшып шықса деген ниетпен қойылған.

- Қазір қандай бағытта жұмыс істеп жатырсыздар? Орталықтағы мамандар туралы да айта кетсеңіз.
- Орталық ең алғаш балаға пайдалы емдік дене шынықтыру (лфк), емдік уқалау (массаж) бағыты бойынша басталған.

Қазір дефектолог, логопед мамандары жұмыс істейді. Музыка терапиясымен де емдейді. Әр маман өз жұмысын жақсы біледі. Барлық жұмыс бір ізге жүйеленген. 3-18 жас аралығындағы жеткіншектерді қамтып отырмыз.

- Қалай ойлайсыз, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған орталықтардың көбейгені дұрыс па?
- Саны бар, сапасы жоқ орталықтарды көбейткеннен гөрі, аз болса да сапалы жұмыс істейтін орталықтардың болғаны дұрыс.

Біз айына 30 баланы қамтып отырмыз. Әр баладан нәтежие шығу үшін еңбек етеміз. Қымбат орталықтар бар. Кеткен уақыт пен шашылған ақшаға емес, баладан нәтиже шықпағанына қынжыласың.

– Соңғы жылдары аутизм дертіне шалдыққан балалар саны көбейіп келеді. Қоғамды мықтап ойландыратын жағдайға жетті ме?

– Ия, қазіргі кезде аутизмге шалдыққан балалар саны көбейіп келеді. Ешкім бұл дүниеге дайын болып келмейді. Ең алғаш баласын жетектеп келген аналармен жұмыс жасаймыз. Себебі көп ата-ана қалай жұмыс жасау керек екенін, баланы қайда апару керек екенін білмейді. Сол үшін де бағыт-бағдар беру керек.

– Бағыт-бағдар беріп отырған ата-анаға қандай талап қоясыздар?

– Баласын алып келген ата-анамен міндетті түрде келісімшарт жасалады. Ең бастысы, балада өзгеріс болу үшін сабақтан қалмау керек. Біз күнделікті үйретіп жатқан сабақтарды үйде



қайталау керек. Көп ата-ана күйбең тіршілікпен жүріп, балалармен үйде айналыспайды. Екі жақты еңбек болмаған соң, балада өзгеріс болуы қиындау. Көбіне тамақтану жағы түсіндіріледі. Аутизмі бар балалардың тамақтану тәртібі болмаса, ағзаға қатты әсер етеді. Бала бойындағы мазасыздық сол себептен туындайды.

– Орталық қалай қаржыландырылады?


– Мені демеушілер қаржыландырып отыр. Мемлекеттен ешқандай көмек алмаймын. Өйткені ол үшін қырық құжат сұрайды. Бір жағынан мен «орталық аштым» деп міндетсінгім де келмейді. Өзім осы саланы жан дүниеммен таңдадым. Өмірде пайдалы іс жасағым келді. Демеушілеріме үлкен алғысымды білдіргім келеді. Азық-түлік себеттерімен ай сайын қызмет алушыларымды қамтамыз етіп отыр. Ай сайын біз де демеушілерімізге мәлімет беріп отырамыз.

– Сұхбатыңызға рахмет! Еңбегіңізге сәттілік тілейміз. Балалар ауырмасын!

Сұхбаттасқан
Фариза МАҚСҰТҚЫЗЫ,
курсқа қатысушы

АЛМАТЫДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, КӨРНЕКТІ КОМПОЗИТОР ҚАЛДЫБЕК ҚҰРМАНӘЛІНІҢ ФОТОАЛЬБОМ-КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ. САЛТАНАТТЫ ШАРАҒА МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ, ӨНЕР АДАМДАРЫ, АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР, ҒАЛЫМДАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

**ҚАЛДЫБЕК
ҚҰРМАНӘЛІ:**



қарсаңында оқырман қауымға өнердегі жолым, әндерім, ойларым мен жан сырымды өзім жеткізгім келді. Жүрек қылын шертер ән жазу – қиынның қиыны. Халықтың ерекше сүйіспеншілігіне бөлену үшін әннің саны емес, сапасы маңызды екенін түсіндім. Әндерім келер ғасырдың есігін қағып тұрса, соның өзі маған бақыт», – деді.

Жиын барысында автордың әріптестері мен өнердегі ағалары, достары мен жақындары

ӘНДЕРІМ КЕЛЕР ҒАСЫРДЫҢ ЕСІГІН ҚАҒЫП ТҰРСА, СОНЫҢ ӨЗІ МАҒАН БАҚЫТ

Жиында сөз алған академик Мұрат Жұрынов: «Бүгін біз еліміздің сүйікті композиторы Қалдыбек Құрманәлінің кітабының тұсаукесеріне келіп отырмыз. Қалдыбек – елімізге еңбегі сіңген қайраткер. Оның «Ән аға», «Шәмшімен сырласу» деген әндерін ерекше атап айтқым келеді. Бүгінгі кітабының тұсаукесерімен құттықтаймын, шығармашылығы арта берсін», – деді.

Алғашқы рет шығып отырған фотоальбом-кітабында композитордың әндері ноталарымен бірге, әншілердің суреттерімен қоса берілген. Сондай-ақ бұрын-соңды басылым беттерінде жарық көрмеген,



балалық шақтағы суреттерін көруге болады.

Қалдыбек Құрманәлінің айтуынша, жинақты шығаруға екі жылдай уақыт кетіпті. «Осы күнге дейін жеке ән жинағым шықпаған екен. Ойлана келе, шығармашылығымның 35 жылдығы

Қалдыбек Құрманәлі жайлы ыстық естеліктерімен бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді. Сонымен қатар автордың қоржынындағы әсем әндер де шырқалды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы

**Бас редактор –
директор**

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)